

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Ғылыми кеңесінің
2025 жылғы 29 сәуірдегі
ҚАУЛЫСЫ

Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор м.а. М.Қ. Ибраимовтың және технологияларды коммерцияландыру және креативтік салалар орталығының директоры А.Т. Гаухардың «ҚазҰУ-дың 2024 жылғы ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметінің қорытындысы туралы» атты баяндамаларын тыңдап, талқылай келе, Ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Басқарма мүшесі – Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор м.а. М.Қ. Ибраимовтың және технологияларды коммерцияландыру және креативтік салалар орталығының директоры А.Т. Гаухардың баяндамалары назарға алынсын.

2. Университетте жасанды интеллектіні пайдалану жөніндегі жол картасы бекітілсін.

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Жаратылыстану ғылыми бағыттары бойынша кемінде үш жоба, әлеуметтік және гуманитарлық ғылыми бағыттар бойынша кемінде бір жоба коммерцияландыру байқауына ұсынылсын, шаруашылық келісімшарттар жасалсын	Қ.Т. Тастамбек, декандар, ҒЗИ/ҒО директорлары	2026-2028 жж. ғылыми жобалар конкурсы
2	Жүргізіліп жатқан барлық ғылыми жобаларға авторлық куәлік/патент алынсын	Қ.Т. Тастамбек, декандар, ҒЗИ/ҒО директорлары	жыл бойы
3	Өнеркәсіппен байланыс туралы жол картасы және графигі әзірленсін	А.Т. Гаухар, факультет декандары, ҒЗИ/ҒО директорлары	10.06.2025
4	Стартап-командаларды қалыптастыру жұмыстары жандандырылсын, әр факультеттің стартап жобалар байқауына қатысуы қамтамасыз етілсін	А.Т. Гаухар, факультет декандары, ҒЗИ/ҒО директорлары	10.06.2025

Ғылыми кеңес төрағасы

Ж.Қ. Түймебаев

Ғалым хатшы

М.К. Мамбетова